Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

25 сәуір сейсенбі
№33 (1940)
2023 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

Жуырда еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы жөнінде кеңес өтті. Осы жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық қор мәселесіне назар аударып, бюджет тапшылығын, мемлекет қарызын, ұлттық қордан аударылатын трансфертті және басқа да макрокөрсеткіштерді реттеуді тапсырған болатын. Кеңесте ұлттық қордағы қаржы көлемі де айтылды. Біз өз кезегінде ұлттық қор ел қарызын төлеуге жете ме деген сауалға жауап іздеп көрдік.

ҰЛТТЫҚ ҚОР

ҚАРЫЗДЫ ТӨЛЕУГЕ ЖЕТЕ МЕ?

Коллаж Abai.kz сайтының алынды

Несиеге шырмалған жұрт не істеуі керек?

Дәл қазір қазақтың шымбайына батқан екі мәселе болса, соның бірі – қарыз. Несін жасырамыз, елдегі әрбір отбасы банкке берешек. Халықты бұл күйден құтқаратын мемлекеттің өзі сырттан миллиардтап қарыз алған. Алдымен қарапайым халықтың несиесіне тоқталайық...

Бірінші несие бюросының ақпарына сүйенсек, 2021 жылдың шілдесіндегі мәлімет бойынша Қазақстандағы 7,5 млн азаматтың банктер мен басқа да қаржы ұйымдарында несиесі бар. Ұлттық банктің Қызылордадағы филиалы берген мәліметке сүйенсек, банктердің экономиканы несиелеу көлемі бойынша қарыз 2021 жылғы 1 желтоқсан бойынша 17 838,2 млрд теңгені құраған. Оның ішінде заңды тұлғаларға берілген несие көлемі 7 497,1 млрд теңге болса, жеке тұлғалар 10 341,1 млрд теңге көлемінде несие алған.

2 БЕТТЕ

АУЫЛДАҒЫЛАРҒА ҮМІТ СЫЙЛАҒАН БАҒДАРЛАМА



Өткен жылы Мемлекет басшысы ауылдарды дамыту тұжырымдамасын дайындау туралы жарлыққа қол қойған еді. Міне, Президент тапсырмасы орындалып, Үкімет ауылдарды дамытуға арналған тұжырымдама қабылдады. Бес жылға арналған тұжырымдама ауылға не береді? Ауыл болашағын жарқын ете ме?

2 БЕТТЕ

ПРЕЗИДЕНТ БЕРГЕН ТАПСЫРМАЛАР НАҚТЫЛАНДЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен облыс активінің отырысында әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері бойынша кеңейтілген мәжілістегі Мемлекет басшысы айқындаған экономикалық дамудың сегіз бағыты бойынша мақсат-міндеттер талқыланды.

Облыс әкімі аталған шаралардың түпкі нәтижесі тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру, халық табысын ұлғайту және жаңа жұмыс орындарын ашу, инфрақұрылымды одан әрі дамыту жөніндегі жұмысты жаңғырту, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адами капиталдың жан-жақты дамуы үшін мүмкіндіктерді кеңейту екенін айтты.

2 БЕТТЕ

ТОЛҒАНДЫРҒАН ТАҚЫРЫП

Әскерге бар, АЗАМАТ!

Қазір сарбаз болып, сапқа тұрудан қаймығатын жастар көбейіп барады. Шынында, патриоттық тәрбие әлсіз бе, әлде отансүйгіштік қасиетті сіңіре алмай жүрміз бе?Анығы сол әскери борышын өтеуден жалтаратындардың артқаны.

Сенатор Руслан Рүстемов осы мәселеге орай өз пікірін білдірді. «Жасыратыны жоқ, бүгінгі әскер жайлы жайсыз әңгіме көп. Қалың қазақтың ортасынан шыққан соң елдегі жағдай маған белгілі. Әскерге баласын жібергісі келмейтіндер де баршылық. Осы мәселе мені көптен толғандыратын. Халық сауалына орай Сенаттың әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті Қазақстан әскеріне жауапты тұлғаларды шақырып, ортақ мүдде тұрғысында ашық сұхбат жасады. Кейбір мәліметтерде әскерге міндетті борышкерлердің 60 пайызы енжарлық немесе қорқақтықтан бас тартса, 30 пайызы жарамсыздық себебінен әскерге бармайды екен. Тек 10 пайызы ғана өздігінен әскерге баруға ынталы. Ойланарлық дерек!

3 БЕТТЕ

Облыста бәйгеден ҚР чемпионатының оңтүстік аймақтық II іріктеу турнирі ұйымдастырылды. Жарыстың ашылуына облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжанов және «Бәйге» федерациясының президенті Қанат Көпбаев қатысты.

АЛАМАНДА КІМНІҢ АТЫ ОЗДЫ?

Шарада сөз алған облыс басшысы жүйрік жаратып, ат баптау ұлтымыздың рухани болмысына, әдет-ғұрып мәдениеті мен өнердің тұтас бір бөлігіне айналғанын атап өтті.

– Соңғы жылдары аймақта ұлттық спорт түрлері бұқаралық сипат алуда. Бүгінде облыста 16 мыңнан астам адам ұлттық спортпен шұғылданады. Спортшыларымыз өткен жылы ел чемпионаты мен кубоктарында, Әлем және Азия чемпионаты мен кубоктарында жеңіп алған медаль санымен соңғы бес жылдықтағы рекордты жаңартты. Бүгінгі республикалық бәйге жарысы да Сыр өңірінің мерейін асырып, ұлттық спорттың өркендеуіне жаңа серпін береді деп сенемін. Төзім мен жігер, қайрат пен мінез сынға түскен бәйгеде тұлпарлардың тұяғы талмасын. Шабандоздардың тақымы тастай болсын! – деді облыс әкімі.

4 БЕТТЕ

ӘБІГЕР ӘЛЕМ

CNN CNN CNN

СУДАНДАҒЫ СОҒЫС: ДИПЛОМАТТАР ҚАЙТУДА

15 сәуірден бастап Судан мемлекетінде қорғаныс күштері мен әскери құрылым арасында қақтығыс орнады. Қарулы қақтығыстың кесірінен қарапайым азаматтар арасында қаза тапқандар саны көбейді және алдағы уақытта азаматтық соғысқа ұласу қаупі бар. Міне, осы себептен мемлекеттен еуропалық елдің бірқатары өз дипломаттарын елге қайтарып алу үшін бар күшін салуда. Бұл туралы CNN арнасында Элиза Макинтош пен Нун Салифтың авторлығымен «Судандықтар соғысып жатқанда шетелдік державалар өз азаматтарын құтқаруда» деген тақырыптағы мақала жарық көрді.

Ұлыбритания жексенбіде Суданнан барлық азаматын қайтарғаны туралы мәлімет таратты. Басқа мемлекеттер де азаматтарын елге қайтарудың қамын жасауда. Арна тілшілерінің мәліметінше, АҚШ-тың арнайы күштері сенбі күні 100-ге жуық адамды, соның ішінде АҚШ елшілігінің қызметкерлерін қайтарған. Одан бөлек американдық шенеуніктер арнайы күштер басқа елдерден келген аздаған дипломатты да қауіпсіз жерге көшіруге көмектескенін мәлімдеген.

Қазіргі кезде эвакуация күшейген қақтығыстарға байланысты қиындауда. Бір аптадан астам шайқастың ортасында тұрған екі тарап – Судан армиясы мен Жедел қолдау күштері (RSF) деп аталатын әскерилендірілген топ бір-бірін айыптауда. Әсіресе Францияның эвакуациялау кортежі Суданнан шықпақ болған кезде оқ жаудырып, французылық азамат жарақаттанғаннан кейін қырғи-қабақ күшейді.

Каир сыртқы істер министрлігі де эвакуациялау кезінде Судандағы Египет елшілігінің бір қызметкері оққа ұшқанын хабарлады.

Судан астанасы Хартумдағы қақтығыстар тоғызыншы күні күшейді. Жалпы Суданның әскери басшысы генерал Абдул Фаттах әл-Бурхан және Жедел қолдау күштері қолбасшысы генерал-лейтенант Мұхаммед Хамдан 2021 жылы әскери төңкеріс нәтижесінде елді басқаруды басып алып, билікті азаматтық үкіметке беруі керек еді. Бірақ оның орнына олар бір-біріне қарсы шықты.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, қақтығыста 420-дан астам адам қаза тауып, 3700-ден астам адам жарақат алған. Медициналық қызметке қолжетімділіктің жоқтығынан гуманитарлық жағдай нашарлап, көбі тамақ пен сусыз қалған.

Негізгі халықаралық әуежай әлі жабық болғандықтан, көптеген судандық бейбіт тұрғын үйлерінде қамалып отыр немесе елден оның құрлық шекаралары арқылы қашу жолдарын табуға тырысуда. Ал интернетке қолжетімділікті шектеу бұл мүмкіндіктерді одан әрі қиындатуда.

Екі тарап өзара бітімге келуге тырысқан еді. Соның ішінде Ораза айт кезінде оқ атпау туралы келісім болған. Бірақ соңғы жаңалықтар бұл келісімдердің орындалмағанын дәлелдеп отыр. Хартумның кей аумағындағы тұрғындар «CNN»-ге жексенбі күні таңертең соғыс қимылдарын тоқтатудың белгісі жоқтығын, өйткені таңғы уақытта әуе соққылары, ауыр артиллерия, жарылыстар мен атыс-шабыспен оянғанын айтқан. Тұрғындар қала орталығындағы әскери штаб пен президент сарайының айналасында қақтығыстар болып жатқанын хабарлады.

Соғыс қимылдарының күшеюіне және қауіпке қарамастан, шет елдердің үкіметі құтқару миссияларын жариялауды жалғастыруда және өз азаматтарын шығаруды жоспарлап отыр.

Ұлыбритания премьер-министрі Риши Сунак: «Жексенбіде елшілік қызметкерлеріне қауіп төнгендіктен Ұлыбритания британдық дипломаттар мен олардың отбасыларын «күрделі және жылдам» эвакуациялауды аяқтады», – деп хабарлады. Франция Сыртқы істер министрлігі де Суданнан дипломатиялық қызметкерлер мен француз азаматтарын «жедел эвакуациялау операциясы» Еуропалық және одақтас серіктес елдермен келісіліп жатқанын айтты.

Сонымен қатар Швеция парламенті Риксдаг швед және шетелдік азаматтарды эвакуациялауға көмектесу үшін 400 сарбаз жіберуге рұқсат берді. Ал Испания өз азаматтарын Суданнан қауіпсіз эвакуациялау үшін ұшақтардың қону алаңын қамтамасыз ету үшін жұмыс істеуде.

Мысыр Сыртқы істер министрлігінің мәлімдеуінше, Египет Хартумнан тыс жерде орналасқан өз азаматтарын Мысырдың құзырлы органдары эвакуациялауға дайындалу үшін оларды ең жақын нүктеге баруға шақырды.

Түркия жарылыстардан қорғау мақсатында өз азаматтарына ұсынған жерлерге жиналмауды ескертті. Өйткені түркиялық билік эвакуациялау жұмыстарын кейінге қалдырды. АҚШ мемлекеттік консулдық істер департаментінің мәлімдемесіне сәйкес, АҚШ азаматтары өз көлігін пайдаланатын болса Біріккен Араб Әмірліктері мен Түркия ұйымдастырған эвакуациялық конвойларға қосылуға кеңес берді. «CNN» арнасының дерегі бойынша, Суданда шамамен 16 000 американдық азамат бар және олардың көпшілігінің қос азаматтығы бар.

Хартумда тұратын судан және американдық журналист Исмаил Кушкуш 29 тұрғынмен, соның ішінде балалар мен шетелдік азаматтармен бірге Хартум орталығында президент сарайының жанындағы ғимаратта бірнеше күн қамалып қалған.

«Бес күннен бері жарық та, су да жоқ. Бөтелкеде қалған суды пайдаланып отырмыз. Азық-түлік қоры таусылып барады. Қақтығыс ошағына жақын орналасқандықтан президент сарайынан екі блокта орналасқан ғимараттан шыға алмай отырмыз», – деді ол «CNN»-ге жіберген мәтіндік хабарламасында. Кейін топ қауіпсіз жерге көшірілген.

Пайдаланушылар «WhatsApp» пен басқа әлеуметтік желілердегі топтық чаттарда басқалары суды қайдан алуға болатынын, телефондарды зарядтауды, дәрігерлерді табуды және Хартумнан қауіпсіз, ұрыссыз жолдарды табуды талқылауда. Көпшілігі Мысырға қоғамдық көлікпен баратын жолдар туралы кеңес сұрап жатыр екен.

4 БЕТТЕ

АУЫЛДАҒЫЛАРҒА ҮМІТ СЫЙЛАҒАН БАҒДАРЛАМА



Ел көкейінде сұрақ көп екені жасырын емес. Шынында, тәуелсіздік жылдарында ауылды дамытуды мақсат еткен бағдарламалар аз болған жоқ. Бәрінің де ниеті ауылды көркейту болғанымен, нәтижесі сезілді деу қиын. Дегенмен жаңа тұжырымдамадан күтеріміз көп.

Ең алдымен, тұжырымдамада ауылдарды орналасу жайына, географиялық ерекшеліктеріне қарай дамыту туралы айтылған. Атап айтқанда, даму әлеуеті жоғары, 3500 тұрғыны бар ауылдарға жаңғырту жұмыстары жүргізілмек. Экономикалық өсу нүктесіне айналатын мұндай ауылдарға ерекше қандай жағдай жасалмақ? Ауылдарға жағдай жасау мақсатында сапалы инфақұрылым тартылмақ. Атап айтқанда, жол, су, жарық мәселесі түгелдей шемімін табады. Сонымен қатар интернет желісімен қамтамасыз ету жайы да біржола шешімін таппақ. Ауылдағы жоқтың бірі саналатын – мәдениет және спорт нысандарын салу да осы тұжырымдама аясында шешімін таппақ. «Негізгі мақсаттардың бірі – ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту. Атап айтқанда, жаңа мектептер мен медициналық нысандар салынып, сумен және электрмен үздіксіз жабдықталады, кең жолақты интернет және ғарыштық байланысы тартылады, ауыл жолдарының сапасы жақсарып, кітапхана, клуб, музей және кинотеатр, спорт ғимараттары сияқты мәдени нысандар салынады, халыққа қызмет көрсету орталықтары ашылады», – деп жазылған құжатта.

Сонымен қатар ауылда жаңа қоныстар пайда болады деп жоспарлануда. Яғни жаңа қоныс үшін арнайы жер беріліп, инфрақұрылым тартылып, жұмыс берушілердің өз қызметкерлеріне үй салып бергені үшін жұмсаған қаражатының 50 пайызы мемлекет тарапынан субсидияланбақ.

Жайлы ауылда қауіпсіздік шаралары да қамтамасыз етілмек. Ол үшін заманауи учаскелік полиция пунктері салынып, жаяу жүргіншілер жолы, сондай-ақ мал айдау аймақтары белгіленіп, өрт сөндіру орындары мен бекеттер ашылмақ. Тағы бір айта кетерлігі, суға түсуге рұқсат етілген жерлер мен жабдықталған орындар құрылады. Тұжырымдамада адамдардың елді мекендерден көшуін азайту үшін жағдай жасау жайы да назардан тыс қалмапты. Сонымен қатар тұжырымдама аясында ауыл тұрғындарының тұрмыс жағдайын жақсарту үшін ауыл шаруашылығына ерекше көңіл бөлу жайы қарастырылған. Мәселен, тұжырымдама аясында топырақ құнарын жақсарту, ауыл шаруашылығы жерлерін ұтымды пайдалануға бақылауды күшейту, суармалы учаскелерді айналымға енгізу, су қоймаларын реконструкциялау, дақылдарды әртараптандыру бойынша жүйелі шаралар қабылдау көзделген.

«Ауыл тұрғындарының табысын арттыру мәселесін агроөнеркәсіп өндірісін жандандыру, кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту арқылы шешу жоспарланып отыр. Осылайша, шағын шаруашылықтарды біріктіру және ауыл шаруашылығы кооперативтерін ұйымдастыру фермерлерге тұқым, тыңайтқыш, жанар-жағармай материалдары, жем-шөп, агротехникалық және ветеринариялық қызметтер шығындарын қысқартуға, жер учаскелерін, ауыл шаруашылығы техникасын, ирригациялық және дренаждық жүйелерді бірлесіп пайдалану есебінен өндірілген өнім көлемін арттыруға, сондай-ақ делдалдарсыз тұрақты түрде тауар өткізіп отыруға мүмкіндік береді» деп көрсетілген. Бұл ауылда тұрақты жұмыс орнын ашуға және жас мамандардың тұрақтап қалуына оң әсерін тигізбек.

Тұжырымдама аясында «Ауыл аманаты» жобасы жүзеге аспақ. Бұл – ауыл тұрғындарының кәсіппен айналысуына мүмкіндік беретін бірден-бір тиімді тәсіл. Яғни жылдық мөлшерлемесі 2,5 пайызбен несие беру, сервистік-өткізу кооперативтерін қалыптастыру, техника лизингі берілу жоспарланған. Сонымен қатар инвестициялық жобаларды қолдау жүзеге аспақ.

Ауылдарды дамытуды мақсат еткен тұжырымдама іске асқанда, табысы аз ауыл халқының үлесі 5,8 пайызға дейін, жұмыссыздық деңгейі 4,2 пайызға дейін төмендемек деп жоспарлануда. Сондай-ақ ауылдық елді мекендер сумен 100 пайыз, интернетпен 97 пайыз қамтылып, сапалы жолдар үлесі 95 пайызға жетпек. Ауылдарда 655 денсаулық сақтау нысаны, 183 мектеп, 100 спорт ғимараты пайдалануға беріліп, 650 мәдениет нысаны салынып, жөндеуден өтпек.

Ең бастысы, ауылдың жағдайын түзеуге, ауылдың болашағын жарқын етуге қызмет ететін тұжырымдама нәтижесі елге сезілсе екен дейміз.

Басы 1-бетте

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

ҰЛТТЫҚ ҚОР ҚАРЫЗДЫ ТӨЛЕУГЕ ЖЕТЕ МЕ?

Жалпы халықтың банктер алдындағы берешегі жыл санап артпаса, кеміп жатқан жоқ. Бірінші несие бюросының 2023 жылғы қаңтардағы мәліметі бойынша, Қазақстанда кепілсіз тұтынушылық несие портфелі 28,3%-ға артқан. Бүгінде киетін киімі мен тұтынатын азық-түліктің өзін банк арқылы (каспи ред) алатын тұрғындар қарызға әбден батты десек те болады. Айлығы шайлығына жетпейтін, оның үстіне жұмыссызы да аз емес қарапайым жұрт қаржының тапшылығынан амалсыз банкке жүгінеді. Халықты мұндай күйден кім құтқарары белгісіз. Тек өйту керек, бүйту керек деп, көлгірсіп ақыл айтатындар азаймай тұр. Біз несие жайын сөз етіп, тұрғындарды әңгімеге тартқан едік...

Ләйлә Жұмабекова, қала тұрғыны:

– Қазір қымбатшылық белең алды. Базарға барсаң бір апталық азық-түліктің өзін алу үшін 20-30 мың теңге кетеді. Одан бөлек несиеміз бар. Бір айда аздап, үнемдеп тұтындық дегеннің өзінде азық-түлікке кететін қаржы 100 мыңнан асып тұр. Шынын айтқанда, несиені несие алып жабатын болдық қой.

Азамат Тұрсынбаев, қала тұрғыны:

– Менің өзім айына 200 мың теңге несие төлеймін. Айлығымды аламын да банкке беремін. Отбасымызды асырау үшін таңертең жұмысқа дейін және кешкісін жұмыстан соң таксист боламын. Әйтпесе жетпейді. Үйдегі бала-шағаға тамақ керек, киім керек дегендей. Азық-түліктің бағасын айтпағанның өзінде құрылыс заттары да қымбат. Бұл аздай жанармайдың да бағасы өсіп жатыр. Арты жақсы болса жарар еді.

Сыртқы қарыз да аз емес

Қазақстанның басқа мемлекеттерге әжептеуір қарыз екенін экономистерден бөлек қарапайым жұрт та жақсы біледі. Қаржы министрлігі Tengrinews.kz басылымының ресми сұрауына берген жауабында 2023 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Қазақстанның мемлекеттік қарыздары 54 миллиард доллар немесе 25 триллион теңгеден асады деп хабарлаған.

Осы жылдың 19 сәуірінде Астанада елдің әлеуметтік-экономикалық мәселелері жөніндегі кеңейтілген кеңес өтті. Осы кеңесте Премьер-министр Әлихан Смайылов ұлттық қордағы қаржының 58 млрд долларға жеткенін айтқан. Ұлттық қордағы қаржының ел қажетіне алынатындығын ескерсек, онда сыртқы қарызды өтеуге қордағы қаржы да жетпейді.

Қаржы министрлігі берген мәліметке сүйенсек, 54 миллиардтың 47 миллиард доллары (22 триллион теңге) үкіметтік қарыздар. Оның ішінде 7 триллион теңге (16 миллиард доллардан астам) сыртқы қарыздар екен. Үкіметтік қарыздардың басым бөлігі ішкі қарыздар. Оның жалпы сомасы 14 триллион теңгеден асып жығылады.

Министрлік ұсынған мәліметтерге сәйкес, ішкі қарыздардың 10,9 триллион теңгесі мемлекеттік ұзақ мерзімді қазыналық міндеттемелер. 1,2 триллион теңгеден астамы – орта мерзімді қазыналық міндеттемелер. Тағы 1 триллион теңгесі – мемлекеттік ұзақ мерзімді жинақ қазыналық міндеттемелер. Ал TONIA ставкасы бойынша индекстелген мемлекеттік қазыналық міндеттемелер 814 миллиард теңгеден асады.

Ведомство мәліметінше, сыртқы қарыздардың басым бөлігін халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған несие құрайды екен. Мысалы, Халықаралық жаңғырту мен даму банкі алдындағы қарыз 1,6 триллион теңге, Еуропалық жаңғырту және даму банкі алдындағы қарыз 54 миллиард теңге болып отыр. Бұдан бөлек Азия даму банкіне 908 миллиард теңге, Ислам даму банкіне 38 миллиард теңге берешек бар. Азия инфрақұрылымдық инвестиция банкі алдындағы қарыз 326 миллиард теңге болса, Қытай Халық Республикасының экспорт-импорт банкі алдындағы қарыз 56,8 миллиард теңгеге жеткен. Сондай-ақ шетелдік коммерциялық банктер алдында мемлекеттің 92,5 миллиард теңге қарызы бар. Сонымен қатар Ресей нарығында орналастырылған мемлекеттік бағалы қағаздардың жалпы құны 514 миллиард теңгеден асып жығылады.

Негізі сыртқы қарыздың 4 триллион теңгесін еуроооблигациялар құрайды. Сондай-ақ шетелдік коммерциялық банктер мен өзге мемлекеттердердің үкімет ұйымдары алдындағы берешектер де аз емес. Олардың ішінде Кувейттік Араб экономикалық даму қорына 852 миллиард теңге, Жапония халықаралық серіктестік агенттігіне 115 миллиард теңге, Германия үкіметінің несие агенттігіне 3 миллиард теңге қарыз бар.

Ұлттық қордан алынып жатқан қаржы аз емес. Ақпарат көздеріне сүйенсек, ұлттық қордан 12 триллион теңге, яғни 30 миллиард долларға жуық қаржы алынған. Жуырда республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде Абай Асанкелдіұлының «Ұлттық қордың көлемі қайтсе артады?» атты мақаласы жарық көрді. Мақала «Egemen.kz» сайтына осы жылдың 21 сәуірінде жарияланды. Материалда ұлттық қордан қаржы алудың тиылмай тұрғаны баяндалады. «Дегенмен биыл да Үкімет Ұлттық қорға қол салмақ. «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2023-2025 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» заңға сәйкес, республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферттің мөлшері 2023 жылы 2,2 трлн теңге көлемінде белгіленді. Ал 2024 жылы 2 трлн теңге және 2025 жылы 1,9 трлн теңге бөлінбек», – делінген мақалада.

Біздің түсінікте ұлттық қор қаржысын аса мұқтаждық тумаса пайдалануға болмайды. Қайта еселеп арттыру керек. Президент айтқандай, бұл – болашақ ұрпақтың қаржысы. «Aikyn.kz» сайтына өткен жылдың қыркүйегінде Нұрлан Қосайдың «Ұлттық қор: қоржын қайта тола ма?» атты мақаласы жарияланды. Мақалада сарапшы Әсел Майданованың біз қаузаған тақырыпқа қатысты пікірі берілген. «Ұлттық қорды әуелде құруда екі мақсат қойылғаны белгілі. Олар – тұрақтандыру және жинақтау. Сондықтан да бюджеттің жыртығын жамау заңды да болар, бірақ дұрыс емес. Өйткені одан алынған ақшаны қайтару жолы өте күрделі. Тіпті мүмкін емес деуге болады. Осы ретте қордың жинақтаушылық тетігіне басымдық беріп, мүмкіндігінше табыс табу, көбейту жағын қарастырған жөн. Оның қор ретіндегі мәні де осында.», – дейді AERC аға сарапшысы.

Экономист Айбар Олжай ұлттық қорда «Оң қол, сол қол» парадоксы байқалады деген пікірде. «Ұлттық қорға қатысты «Оң қол, сол қол» парадоксының орын алып отырғанын көріп отырмыз. Себебі оң қол сол қолдың қимылын білмей отыр. Стратегиялық мақсат – 2030 жылы ұлттық қорды 100 миллиард долларға толтыруымыз керек дейміз. Бірақ дәл сол кезде, бюджетте бекітілген көлемге қарамастан, тағы да ұлттық қордан трансфертті ұлғайтып отырмыз. Биылғы жылды дағдарысты деуге келмейді, экономикалық өсім тіркелді. Контрциклді заңдылықпен қарасақ, қазір ұлттық қорға тиіспей, керісінше көбейтудің кезеңі. Бірақ біз Үкіметтің керісінше трансферттерді бюджетке түзету арқылы көбейтіп отырғанын көріп отырмыз. Ұлттық қорды сақтау керектігін Президент те, Жоғарғы аудиторлық палата да айтты. Бірақ Үкіметтің өз жолы бар сияқты. Онда Үкімет осы шешімдердің логикасын түсіндіруі керек. Себебі оның басты KPI-інің бірі – инфляциямен күрес», – деп береді экономист Айбар Олжайдың пікірін «Егемен Қазақстан» газеті.

P/S.: Байқаған адамға халықтың қарызы да, мемлекеттің қарызы да аз емес. Қазақстан бұл қарыздан қалай, қашан құтылады? Ол жағы тағы белгісіз. Себебі ұлттық қор – болашақ ұрпақтың қаржысы. Оны оңды-солды жаратуға, қарыз жабу үшін қолдануға болмайды. Бір анығы, ұлттық қор қаржысын пайдалансақ та, қарыздың үстіне қарыз жамап жатқан жайымыз бар.

Басы 1-бетте

Әзиз ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ

ПРЕЗИДЕНТ БЕРГЕН ТАПСЫРМАЛАР НАҚТЫЛАНДЫ

– Ең бірінші, Мемлекет басшысы азық-түлік тауарларын өндіру мен баға тұрақтылығына тоқталды. Елімізде өндірілетін ауыл шаруашылығы тауарлары ішкі сұранысты толық қамтамасыз етпейтіндіктен, тұрақтандыру қорлары мен азық-түлік корпорациясының жұмысын күшейтуді тапсырды.

Азық-түлік бағасының негізсіз өсу фактілері тіркелген жағдайда баға белгілеудегі делдалдық тізбектерді тексеру жөніндегі өңірлік комиссия дер кезінде тиісті шара қолдануы керек. Өңірде жаңадан көкөніс сақтайтын қоймалар салып, тиімді сауда-логистикалық инфрақұрылым құру қажет. Қазіртек Жаңақорған ауданында сыйымдылығы 2500 тонна болатын «Жан-Арай» жеміс сақтау қоймасы бар агроиндустриалды кешен іске қосылған. Биыл Қызылорда қаласында «Aray Food» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сыйымдылығы 4000 тонналық көкөніс сақтау қоймасының құрылысы басталып, оны жыл аяғына дейін іске қосу жоспарлануда. 2025 жылға дейін облыстың көкөніс сақтау қуаттылығын 21 мың тоннаға дейін жеткізуіміз керек, – деді аймақ басшысы.

Мұнан бөлек, облыс басшысы жауапты сала басшыларына Қызылорда қаласы мен аудандар бойынша егін егуге ынта білдірген тұрғындарға жер телімдерін бөліп, қолдау көрсетуді тапсырды. Шағын және орта бизнесті қолдау жұмысы бірінші кезекте халық тұтынатын тауарларға және ішкі нарықты қамтамасыз ететін өндірістер ашуға бағытталуы тиіс. Инвестиция тарту және коммуналдық инфрақұрылым жүйесін жаңарту бойынша нақты ұсыныстар берілуі керек. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің ашықтығын қамтамасыз ету, білім сапасын көтеру және зорлық-зомбылықтың алдын алу, жұмыссыздық деңгейін төмендету бойынша да бірқатар міндет жүктелді. Ауылдық аумақтардың өмір сүру сапасын және табысын арттыру бойынша «Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберінде облысқа бөлінген қаражатты ұлғайтумен қатар халықты ақпараттандыруға басты назар аудару тапсырылды.

Басы 1-бетте

«Ақмешіт-ақпарат»

Әскерге бар, АЗАМАТ!

Ұлттық идеологияның кемшін тұсы жетерлік. Мемлекеттік тіл әлі де ақсап тұр. Бұдан басқа да түйінді жағдайлар кездесіп қалады. Неге әскердің беделі түсіп кетті? Міне, мені толғандырған сауал осы бағытта өрбіді», – деп жазды сенатор әлеуметтік желіге.

Былтыр Дана Нұржігіт те Парламент қабырғасында ел жастарының әскери-патриоттық тәрбиесіне алаңдап, Премьер-министрге депутаттық сауал жолдағанын көрдік.

«Бүгінде патриоттық тәрбие беру жүйесінің әлеуметтік-құқықтық мәртебесі, рөлі, орны, мақсаты және патриоттық тәрбие беру жұмыстарын жүргізетін үйлестіруші органның құрылуы заңнамалық тұрғыда айқындалмаған. Әрбір мемлекеттік органның, ведомстволық, ұйымның қызметтерінің бір тармағы патриоттық тәрбиеге бағытталуы тиіс екені көрсетілмеген. Бұл мәселенің заң бойынша реттелмеуі қоғамдық ұйымдардың, патриоттық клубтардың материалды-техникалық базасына да әсер етіп отыр, – деп түсіндірген болатын Дана Нұржігіт.

Мақаланы әзірлеу барысында қалың көпшіліктің пікірін білгенді де жөн көрдік.

Жасқанат Пазылбеков, қала тұрғыны:

– Әскери өмір адамды шыңдайды, ширықтырады, төзімділікке баулиды. Десантшы боп сапқа тұрып, әуеден парашютпен секірдім. Қаруды қалай пайдалануды үйрендім. Соғыс техникаларын көзбен көрдік. Бірнеше шақырымға жаяу жүріп, суды кешіп өтуді, әскери жаттығулардың барлық түрін жасап, бұлшық етті шыныктырдық. Палаткаларды құрып, күннің салқындығына қарамай, сонда жаттық. Соғыс жағдайындағы тәртіппен жүрдік. Ел қорғау – азамат үшін үлкен сын. Сол сынға төзе білу керек. Отан алдындағы борышын ақтау ер-азаматтың парызы деп білемін.

Басы 1-бетте

Құланбай Аманов, қала тұрғыны:

– Өзім әскер болдым. Ол кезде 2 жыл еді. Қазір 1 жылға қысқарды. Бірақ қазір жас сарбаздар әскерден оралмай, кейбірі аурулы боп, қайғы-қасірет тартып жатқан ата-аналарды көріп, жалғыз ұлымды әскерге жіберуден бас тарттым. Әскери өмірдің қызық екенін білемін. Бірақ жалғыз перзентімнен айырылып қалсам, күнім не болмақ деп осындай шешім қабылдадым.

Күлпан Молдашова, қала тұрғыны:

– Мен көпбалалы анамын. Балаларым есейді. 3 ұлым, 4 қызым бар. Ұлдарымның бәрін әскерге жібердім. Өмірдің ыстық-суығын көрсін дедім. Құдай «Сақтансаң, сақтаймын» дейді ғой. Тәуекел етіп жіберген балаларым шымыр азамат боп, аман оралды. Өмір бар жерде қиындық болатынын түсінді.

Мардан Есанов, Алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі:

– Мектепте ұзақ жылдар алғашқы әскери дайындық сабағынан дәріс бердім. Мектеп қабырғасында ұл балаларға әскери қаруды қалай пайдалану, автоматты бұзып-жинау жаттығуларын үйреттім.

Жалпы ұл балаларды ер азаматша өсіру үшін мектептерде ер мұғалімдерді көбейту керек. Мүмкін сонда барып мінез жағынан ұсақталып бара жатқан жігіттерді темірдей тәртіпке баулуға болатын шығар. Әскери өмір тиянақтылыққа, тәртіпке, жауапкершіліке, сақтыққа үйретеді. Менің ойымша әскерге барып, сапқа тұрған дұрыс.

Қызылордадағы ахуал қалай? Отан алдындағы азаматтық борышын өтеу мақсатында сапқа тұратындар көп пе? Қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқарма бастығы полковник Алмас Чункуновтың айтуынша, Осы жылдың көктемінде жоспар бойынша 231 адам әскерге шақырылу керек. Осы кезге дейін шекара қызметіне 49 азамат аттанса, қарулы күштер қатарына 28 сарбаз жөнелтілген.

– Әскерге барудан жалтаратындардың басым көпшілігінің себебі басқа қалаларға жұмыс іздеп кету, денсаулық жағдайы төмен болуы, әскери билеттің қажеттілігі болмауынан. Кез келген жұмысқа кірерде ішкі істер органдары, ұлттық қауіпсіздік қызметіне, төтенше жағдайлар қызметіне тағы да басқа мемлекеттік органдарда әскерге барғандығы, не бармағандығы жайлы мәлімет талап етілмеуінен деп ойлаймын. Сосын, әрине, жастар арасында патриоттық сезімінің деңгейі төмен болуы да осындай қиындықтарға ұшыратады, – дейді полковник.

Әрине, болған оқиғалардың бәрі бала бойына патриоттық тәрбие дұрыс сіңірілмегеннен екені айдан анық. Дегенмен әскердегі әлімжеттікті естен шығармау керек. Оның соңы кісі өлімімен аяқталып жатқанын қоғам көріп, біліп отыр. Бойында рухы бар, намысы бар адам біреуге қиянат, әлімжеттік жасауға бармас еді. Әскери тәрбиенің де дәрмені азайған ба деп қаласың осындайда.

Қалай десек те сарбаз боп сапқа тұру әр азаматтың ар-ожданына, намыс пен жігеріне байланысты. Осындайда бойына бес қаруын асынып жауға шапқан өр рухты қазақтың батырлары еске түседі. Ұлан байтақ жеріміз сол батырлардың ер жүректіліктері мен отанға деген адалдығының арқасында аман қалды. Кешегі Ұлы Отан соғысында қан төгіп, қаһармандықпен шайқасып, тіпті ажал құшқан жанкешті қазақтың ұрпақтары емеспіз бе?! «Отан үшін отқа түс күймейсің» демей ме батыр Бауыржан. Отан алдындағы борышты өтеу үшін сен де әскерге бар, сапқа тұр, АЗАМАТ!

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

РЕПОРТАЖ

Биік дуалмен қоршалған бұл мекеменің сырт көрінісі мүлгігендей көрінгенімен, ішінде қайнаған қызу тірлік. Қылмыс жасап айыпталып, күдікке ілінгендерді қамауда ұстайтын Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты №68 мемлекеттік мекемесі (тергеу изоляторы) қаншама адамның тағдырын ішке бүгіп жатыр. Мұнда уақытша тергеудегілерден бөлек бес жылға дейінгі бірінші рет сотталғандар да қамауда отырады.

Мұндағы бір күндік жұмыс барысымен танысу мақсатында мекемеге барғанды жөн көрдік. Биік ғимарат ішіндегі белгісіздік қызықтырып келеді. Ал оны білу үшін кіре берістегі фронт-офистен өтіп, рұқсат алуың қажет. Мекеме қызметкерлерінен бастап, мұнда келуші әрбір адам осы аймақтан толықтай тексерістен өтеді. Бас-аяғына дейін мұқият тексерген соң ғана ішке кіруге рұқсат беріледі. Тәртіп солай. Таңғы сағат 8-ден кешкі 7-ге дейін келіп-кетушілерді тексеріп, тінтіп өткізетін «Режим және күзет» бөлімі қызметкерлерінің жұмысына қарап мекемедегі қауырт тірлікті бағамдай беруге болады.

Қауырт тірліктегі қауіпті қызмет

Мекеме міндеті

Басшылықтың рұқсатымен «Режим және күзет» бөлімінің тінтіп тексеруінен соң мекеме бастығы Қайырбек Ілиясовпен жолықтық. Жолықтық деген жай сөз-ау, ол кісімен жүздесу үшін күтуге тура келді. Себебі мекеме жұмысы кезек күттірмейді.

– Бұл мекемеде негізінен уақытша тергеудегілер мен сотталғандар қамауда болады. Күнделікті жұмыс барысы мекеменің жеке құрамына, басшылық құрамға күн тәртібіне сәйкес қылмыскерлермен жұмыс барысында сақтық шарасын сақтауы, қауіпсіздікті қадағалауы бойынша нұсқаулық беріледі. Әрқайсысы өзіне жүктелген міндеті бойынша тиісті тапсырмасын алады, – дейді жұмыс барысын таныстырған мекеме басшысы.

Өмірде шалыс басып, қателікке ұрынуың әп-сәтте. Мұндайда қолыңмен жасағанды мойынмен көтеріп, жазаңды өтеуге тура келеді. Қылмыс жасады деп күдікке іліккені де, қайта қылмыс жасағаны да, мұндай жағдайға абайсызда тап болғаны да, тіпті жасөспірім, жүкті әйелдер де құқық бұзса алдымен осында қамалады. Олардың ісі тергеліп, қылмысы анықталып, сот шешімі шыққанша мұндағы қызметкерлердің бақылауында болады. Оларды «Жедел», «Режим және күзет» бөлімдері мен психолог қадағалайды.

– Біздің басты міндетіміз – мұнда түскендерге психологиялық, медициналық көмек беру, заңды өкілдерімен (тергеуші, қорғаушы) кездесу ұйымдастыру. Оқыс жағдайдың орын алмауын қадағалау, болдырмау. Сондай-ақ қажетті төсек-орын жабдығы, гигиеналық заттармен қамтамасыз ету, ас-ауқатын беру, отбасы, туыстарының сәлем-сауқатын жеткізу. Сот үкімі шыққанға дейінгі осындай қызмет көрсетіледі. Сот үкімінен кейін бақылаушылар қылмыскерлерді тиісті мекемелерге жеткізеді, – дейді Қайырбек Есентайұлы.

Талайдың тағдыры шешілетін бұл мекемені екі жылдан бері Қайырбек Ілиясов басқарып келеді. Сөзден гөрі іске жақын басшы бұл салада 2003 жылдан бері еңбек етіп келеді. Алғашқы еңбек жолын бақылаушы қызметінен бастаған ол түрлі сатыдан өтіп бүгінде жүгі ауыр міндетті жауапкершілікпен атқаруда. Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлын үлгі тұтатын Қайырбек Есентайұлы батырдың әрбір өсиетін өнеге тұтады. Елге қызмет жолында адал болғанды жөн санайды. Бұл мекеме қызметкерлерінің де ауызбіршілігі жоғары. Үнемі ұйымшылдықпен қайырымдылық шарасын өткізіп, жұмыстан тыс уақытта өздерінің шығармашылықтарын шыңдап, өлке тарихымен танысып, тәлім-тәрбиелік бағыттағы шараларға белсене араласады. Қамаудағылармен жұмыс істеу оңай емес, сондықтан оларға бір сәт ой бөліп, демалғанын жөн санайды.

Мекеменің материалдық-техникалық базасында мәселе жоқ. Бейнекамералар орнатылған. Ал сыбайлас жемқорлық жағдайын болдырмас үшін қызметкерлердің кеудесіне бейнетіркегіш жапсырылған. Бұл құрылғы өз кезегінде аудио және бейнежазба жүргізіп, сотталғандар мен тергеу қамауындағылардың тарапынан болатын құқық бұзушылықты анықтауға, дәлелдеуге және жеке құрам арасындағы сыбайлас жемқорлықты болдырмауға септігін тигізеді екен.

Сотталғандарды қайта бейімдеу

Жоғарыда №68 мемлекеттік мекемесінде бірінші рет 5 жылға дейін бас бостандығынан айырылғандар қамауда болатынын айтқанбыз. Олар мұндағы шаруашылық бөліміне жіберіледі. Бұл санаттағылар қылмыстың жеңіл түрін жасаған, алдағы уақытта қылмыс жасамауға ниеттілер. Сотталғандарға арналған 20 орындық бөлімде қазір 17 азамат бар. Олар күнделікті мекеме аумағында тазалық жұмыстарын жүргізу, әктеу, сырлау, дәнекерлеу, көгалдандыру сынды еңбек түрімен айналысады. Тіпті асханада бас аспазға ас пісіруге көмектеседі. Ал мекеме асханасы күніне 200 адамды тамақпен қамтамасыз етеді. Бұл еңбектері үшін оларға жалақы төленеді. Шамамен 80 мыңнан асатын айлық жалақының белгілі бір бөлігі сотталғандардың отбасына беріледі екен. Сондай-ақ бос уақыттарында ән айтып, кітап оқып, гүл өсірумен де айналысады. Тазалық сақтауда өздері жатын орындарын жинастырып, киімдерін үтіктеп, аптасына бір рет моншаға да түседі.

Мұнда сотталғандармен ұдайы тәрбие жұмысы жүргізіледі. Психологтар арнайы тренинг өткізіп, олардың ойын, көзқарасын танып, ішкі күйін анықтайды.

– Жасыратыны жоқ, мұнда алғаш келгенде кез келген айыпталушы да, күдікті де, сотталушы да психологиялық күйзеліске түседі. Үкім алдындағы үрей, сотталған соң ол жақтағы ахуал қандай болады деген өзі үшін, өмірі үшін қорқыныш пайда болады. Осындай кезде оларға түрлі профилактикалық және психокоррекциялық жаттығулар жүргіземіз. Түрлі әдіс-тәсілмен ішкі эмоцияларын шығарып, жеңілдеулеріне түрлі көмек көрсетеміз. Жыл басынан бері осы бағытта 13 іс-шара өткіздім, – дейді әділет капитаны, психолог Айзат Мырзалы.

Сотталушылардың бұдан бөлек бір уақыт кітапханаға барып кітап оқуына да мүмкіндік қарастырылған. Олардың арасында поэзияға жақын, өлең жазатын азаматтар да бар. Бұл да сотталушылардың қоғамға қайта бейімделуі, көзқарасын өзгертуі, танымын кеңейту үшін жасалады.

Тәрбие жұмыстары жат ағымның жетегінде кеткен жандарға жүргізіледі. Ол үшін мұндағы теолог мамандар діни экстремизм мен радикализм ұстанымындағы жазасын өтеушілердің мінез-құлқын, ойын өзгерту үшін жұмыс істейді.

Денсаулық – басты назарда

Қамауға түскендердің денсаулығы ұдайы бақылауда болады. Бұған мекемедегі медицина қызметкерлері жауапты. Алдымен оларды флюграфиялық, АИТВ тексеруден өткізіп, дене жарақаттарының баржоғын анықтайды. Сотталғандар мен айыпталушылар арасында қандай да бір ауру барын анықтау және уақытылы диагноз қою мақсатында терапевт, стомотолог, хирург, уролог және дерматолог сынды маман шақырып, тиісті ем шараларын жүргізеді. Денсаулығында кінәраты бар қамаудағылар облыстық көпбейінді медициналық орталығы мен қалалық ауруханадан ем қабылдай алады. Ол үшін арнайы 14 орындық екі бөлме белгіленген.

Қажеттілік қадағаланады

Мұнда келіп түскендерге керекті жабдықтар мен мекеме қызметкерлерінің де қажеттіліктерін қамтамасыз етуде «Тылмен қамтамасыз ету» бөлімі жұмыс істейді.

– Азық-түліктен бастап, төсек жабдығы, киім-кешек, гигиеналық заттар, қызметкерлерге қажет канцелярлық тауарлармен қаматамасыз етеміз. Мұның барлығын мемлекеттік сатып алу тәртібімен жүргіземіз. Мәселен, азық-түлік өнімдерінің 62 түрін алдырамыз. Қамаудағылардың денсаулық жағдайына байланысты арнайы ас мәзірі белгіленген. Сондай-ақ бала емізетін, аяғы ауыр әйелдер де бар. Оларға да талапқа сай арнайы ас әзірленеді. Осының бәрінің жеткілікті деңгейде болуы осы бөлімнің міндеті, – дейді мекеме бастығының жалпы сұрақтар жөніндегі орынбасары, әділет майоры Руслан Тілеумұратов.

Қырағы болмасаң айласын асырады

Қызметкерлерден қырағылықты талап ететін бұл бөлім «Сәлем-сауқат» деп аталады. Мұндағы қызметкерлер таңғы 8.30-дан бастап қамаудағылардың жақындарынан сәлемдеме қабылдайды. Жай қабылдап қоймай, келген барлық затқа тінту жүргізеді. Олай етпеске бола ма? Түрлі айла-шарғымен ішке кіргізуге тыйым салынған заттар салып жіберген жағдайлар кездескен екен. Бір қарағанда, оғаш ештеңе байқалмаса да тексеріс кезінде небір жайтқа куә боласың.

– Қамаудағыларға тамақпен бірге өзге де қажетті заттар келеді ғой. Оның ішінде рұқсат етілмейтіні бар. Кейде тыйым салынған заттарды тамақтың ішіне салып әкеледі. Әкелген сусыны жай сусын емес, алкоголь екені де анықталған жайттар кездеседі. Сәлемдемемен келген барлық зат жіті тексеруден өтеді. Мысалы, кәмпит әкелсе қанша кәмпит бар соның бәрі ашып тексеріледі. Ол үшін арнайы құрылғылар бар. Кейбір жақындары мұны білмей осындай тәсілге барады. Бірақ соңында анықталады. Мұндайда алдымен ескерту берілсе, қайталанған жағдайда айыппұл салынады. Бұған көнбесе 2 айға қамауға алынады, – дейді әділет сержанты Балғазы Қасымбеков.

P.S: Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты №68 мемлекеттік мекемесінің күнделікті жұмыс барысы мен тәртібі осындай. Бұл біз байқаған бір сәт қана. Ал мұндағы тірлік сәт сайын қызу қайнап жатады. Сырттай құпия көрінген қызметтің ішкі тынысымен танысып, қамаудағылардың қиын тағдырын, күйзелісін сезгендей болдық. Қамаудағылардың бірінің өмірі өкінішке айналса, енді біріне бұл қалыпты әдетке айналғандай. Десе де бәрінің арманы – бостандыққа шығу.

Біз барған сәтте бір сотталушы бостандыққа шығып жатты. Әкесін қарсы алуға келген қыздарының қуанышында шек жоқ. Әке мен бала қайта ажырамасын, үлкендер ағаттық жасап, кесірі ұрпағына тимесе екен деп тіледік. Еңсені басқан ауырлықты осы бір сәт сейілткендей болды.

Айдана СЕЙІЛ

МӘСЛИХАТ ТЫНЫСЫ

Қалалық мәслихат төрағасы И.Құттықожаев депутаттармен бірге қаладағы су арналарының тазалығы мен Бәйтерек шағын ауданындағы көпір құрылысын бағамдап қайтты.

Депутаттар құрылыс жұмысын бағамдады

Ел ішіндегі ахуалды көзбен көрмек мақсатта халық қалаулылары ұзындығы 7,8 шақырым болатын Қызылжарма арнасын тазалау жұмыстарымен танысты. Бұл арна қаланың шет аймақтарын аяқ сумен қамтамасыз етеді. Сондықтан тазарту жұмыстары сапалы әрі тиянақты істелуі қажет. Істің барысын бақылаған қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев арналарды тазалау барысында автокөлік көпірлерінің астындағы құбырлар ішін толыққанды тазалау керектігін ескертті. Сондай-ақ депутаттар бұдан бөлек темір жол асты аяқ су баратын құбырларды тазарту, тазалау жұмысына арнайы техникалар тарту керектігін айтып, осы іс-шараны мамыр айына дейін аяқтап, ел игілігіне берсе деген ұсыныстарын жеткізді. Қазіргі таңда аталған арнадағы тазарту жұмысы «Ақмешіт сарқырама» мердігер мекемесі жауапкершілігінде.

Мұнан соң Бәйтерек шағын ауданына ат басын бұрған халық қалаулылары ондағы көпір құрылысымен танысты. Қала мен шағын аудан арасын жалғайтын ұзындығы 47 метр болатын көпір құрылысы тамыз айында аяқталады деп жоспарлануда. Қазіргі таңда бәйтеректіктер қалаға Жезқазған тас жолына шығатын жалғыз көпір арқылы қатынайды. Тұрғындар жаңа көпір пайдалануға берілсе қатынас жолы оңтайланар еді дейді. Бастысы, тұрғындар тілегі деп көпірдің салынғанына риза болмай, құрылыс талаптарына сай болуын қадағалау. Бұл ретте депутаттар магистральды арна арқылы өтетін суға кедергі келтірмеу жақтарын қарастыру, көпірдің құрылысын мерзімінде аяқтау, жаңа көпірден Бәйтерек шағын ауданына өтетін автокөліктерге оңтайлы жағдай жасау мақсатында екі жақты жолды стандартқа сай сәйкестендіру қажет екенін айтты.

Бәйтерек шағын ауданы тұрғындары осы орайда депутаттарға бірқатар мәселенің түйінін тарқатты. Оның ішінде қоғамдық көліктердің жол сызбасын шет көшелерге дейін созу, тұрғын үйлерді орталық кәріз жүйесіне қосу, ауыз су қысымын көбейту, қалып қойған жерлерді газдандыру, негізгі көшелерді жарықтандыру, қоғамдық қауіпсіздікті күшейту туралы сөз болды.

Сонымен қатар осы аумақтан сайланған депутат Ә.Әбләзімұлы арна үстінен аяқ жол көпірін салу, тұйық көшелерге жол салу, тұрғын үйлерді кәріз су желілеріне қосу және басқа да мәселелерді шешу бағытында жұмыстар істеліп жатқанын жеткізді.

Депутаттық аралауда атқарылып жатқан жұмыстар барысын тиісті сала мамандары түсіндірді. Оларға халық қалаулылары тарапынан көтерілген мәселелерді шешуде нақты ұсыныстар айтылды.

«Ақмешіт-ақпарат»

АЛАМАНДА КІМНІҢ АТЫ ОЗДЫ?

Салтанатты шарада ҚР Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжанов ұлттық спорттың өркендеп, дамуы Мемлекет басшысының тікелей бақылауында екенін жеткізді. Ол өз сөзінде осы жылдан бастап көкпар ойындары футбол тәрізді лига форматында өткізілетінін жеткізді. Келер жылы елімізде V Дүниежүзілік көшпенділер ойыны өтпек. Бүгінгі бәйге жарысы алдағы әлемдік ойынға дайындықтың бастауы болмақ.

Басы 1-бетте

Ат жарысы – халқымызда ықылым заманнан келе жатқан дәстүр. Ат баптап, оны аламан бәйгеге қосу жат дүние емес. Осылай деген «Бәйге» федерациясының президенті Қанат Көпбаев жарыста бақ пен бап сынаған азаматтарға сәттілік тіледі.

Аламан бәйгеде озып шыққан астаналық Алғыр есімді тұлпар бас жүлдені жеңіп, автокөлікке ие болды. Ал жүлделі орындарға ие болған шабандоздарға ақшалай сыйлық табысталды.

Айдана САЙДУЛЛА

Аймақта бәйгеден ҚР чемпионаты аясында «Ұлттық киім – ұлт ажары» атты облыстық ұлттық киімдер байқауы ұйымдастырылды. Іс-шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжанов және ҚР «Бәйге» федерациясының президенті Қанат Көпбаев қатысты.

Ұлттық киім – ұлт ажары

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Ақордада өткен ауыз-ашар дастарханында ұлттық нақыштағы киім үлгілерін күнделікті кең қолданысқа енгізудің маңызын атап өткен еді. Халқымыздың төл мәдениеті салт-дәстүрден, әдет-ғұрыптан бастау алатынын, ұлттық киімнің өзі – ұлт мәдениетінің жарқын көрінісі екенін айтқан. «Ұл-қыздарымыз ұлттық киімді Наурыз мейрамында немесе басқа мерекелерде ғана емес, күнделікті киіп жүрсе жарасымды болар еді» деген еді Мемлекет басшысы.

«Ұлттық киім – ұлт ажары» байқауы осы мақсатта ұйымдастырылды. Оған елуден аса қыз-келіншек қатысып, бақ сынады. Байқауда қазылар алқасы ұлттық киімдердің қазақ дәстүріне сәйкестігі, дайындау шеберлігі мен шығармашылық көзқарас тұрғысына баға берді. Осылайша үздік үштікті анықтады.

Жүлде қоры 1 миллион теңге болатын байқау қорытындысымен I орын алған жеңімпазға 500 мың, II орын иегеріне 300 мың теңге, III орын жүлдегеріне 200 мың теңге табысталды.

«Ақмешіт-ақпарат»

Қызылорда қаласы тұрғындары мен қала қонақтарының назарына!

2023 жылдың 25 сәуір күні сағат 20.00-ден бастап 26 сәуір күнгі сағат 06.00-ге дейін қаланың орталық ауыз су жүйелеріне және «Шанхай», «Әл-Фараби», «КБИ» тұрғын аудандарының орталықтандырылған ауыз су жүйелеріне жоспарлы жуу, шаю және залалсыздандыру жұмыстары жүргізіледі.

Осы жұмыстарға байланысты 2023 жылдың 25 сәуір күні кешкі сағат 23.30-дан 26 сәуір күні таңғы сағат 06.00-ге дейін, қаланың және «Шанхай», «Әл-Фараби», «КБИ» тұрғын аудандарының орталық ауыз су жүйелеріне ауыз су беру уақытша тоқтатылатын болады.

Ауызсуды пайдаланар алдында кранды ашып хлордың иісі толық кеткенше ауызсуды пайдаланбауды сұраймыз.

Ведомстволық мекемелерде 2023 жылы 26 сәуір күні сағат таңғы 06.00-ден бастап суды ағызып хлордың иісі толық жойылғанға дейін жауапты кісілерді бекіту қажет.

Тілсіз жаудан қатер көп

Жыл басынан бері Қызылорда қаласында 44 өрт оқиғасы тіркелген. Оның басым көпшілігін тұрғын үйлер құрайды. 19 автокөлік өртеніп, 1 млн 060 мың теңге шығын әкелген. Автомобильдердегі өрт оқиғасы былтыр 9 болса, биыл сол көрсеткіш 19-ға жеткен.

Бұл туралы қала әкімдігінің баспасөз орталығында өткен брифингте Төтенше жағдайлар басқармасының басшысы Жасұлан Түймебаев мәлімдеді.

Осы жылдың 3 айында атқарған жұмыстарын баяндаған басқарма басшысының айтуынша, осындай төтенше жағдай болмауы үшін мекеме қызметкерлері жылу беру маусымында 23818 тұрғын үйді аралап, 100-ден астам тұрғынға өрт қауіпсіздігін үгіттеу-түсіндіру жұмыстарын жүргізген. Сонымен қатар әлеуметтік жағдайы төмен және көпбалалы 469 отбасының тұрғын үйлеріне көміркышқыл газдан уланудың алдын алатын «газосигнализатор» құрылғысын тегін орнатқан.

– Суға түсу мерзімі мамыр айының 15-нен басталады. Былтыр 12 адам суға кеткен еді. Судағы қауіпсіздікті сақтау үшін қалада жағажай ашу қолға алынбақ. Су тасқынының алдын алу, су айдындарында балық аулау, мұздағы қауіпсіздік және басқа да қыс мезгілінде болуы мүмкін қайғылы жағдайлардың алдын алу – біздің басты борышымыз. Жүргізілген рейд жұмысы барысында 15 шаруа қожалығын, 124 тұрғын үйді аралап, 118 үнпарақ таратылды. Бюджет есебінен бөлінген қаржыға Бірқазан бекеті тұсындағы Сырдария өзенін және Сырдария өзені бойының Сырдария ауданы мен «Үштам» учаскесі аралығындағы қорғаныс бөгеті нығайтылды, – деді басқарма басшысы.

Айта кету керек, жас балалардың терезеден құлау жағдайларына абай болмасақ, арты қайғылы оқиғаға алып келуі мүмкін. Биыл осындай 1 жағдай болып, жас бала жарақатпен емдеу мекемесіне жеткізілген. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, қайғылы жағдайдың басты себебі– жас балалардың ата-ананың бақылауынсыз қалуынан болып отыр. «Сақтансаң, сақтаймын!» дегендей балаларға барынша сақ болып, оларды үнемі бақылауда ұстаған жөн.

Төтеншеліктер өрт тілсіз жау екенін де ескертеді. Көктемдегі тазалық жұмыстары кезінде өрттің саны артады. Желді күндері өртеген қоқыстың кесірінен үлкен өрт басталып кетуі мүмкін. Сондықтан төтенше жағдай қызметкерлері қоқысты шығарып өртемеуге, абай болуға шақырады.

Г. АСҚАРҚЫЗЫ

THE WALL STREET JOURNAL.

ЗЕРТХАНАДА ЖАСАЛҒАН ЕТ САУДАҒА ШЫҒА МА?

Өткен күзде АҚШ-тың азық-түлік және дәрі-дәрмек басқармасы Upside Foods жасап шығарған тауық еті қауіпсіз әрі жеуге болатынын мәлімдегенде, зертханада өсірілген еттің американдық түскі ас табақтарында пайда болуы мүмкін екені көп айтылды. Дегенмен қазіргі таңда бұл өнімді саудаға шығару жолында көп қиындық кездесіп жатыр екен. Осыған байланысты «The Wall Street Journal» басылымында Кристина Петерсон мен Джесси Ньюманның «Зертханалық ет дайындау жолында...» атты мақаласы жарияланды.

«Upside» компаниясының жаһандық ғылым және реттеу істері жөніндегі вице-президенті Эрик Шульце Твиттерде: «Зертхана етін жейтін уақыт таяп қалды. Біздің тауық еті жақын арада тұтынушыларға жетеді», – деп жазған еді.

2015 жылы Калифорнияда ет өсіру технологиясын қолға алған шағын Upside компаниясы аз уақытта 1 млрд долларға бағаланды. Соның ішінде Билл Гейтс, Ричард Брэнсон, Кимбал Масктар компания идеясына инвестиция құйған. Бүгінде әлемнің әр түкпірінен 150 компания гибридті, яғни «зертханалық етке» 2,5 млрд долларға жуық қаржы құйған.

«Upside» және басқа компаниялар ұзақ уақыт бойы аз мөлшерде ет өсіре алғанымен, «Upside»-тың қазіргі және бұрынғы қызметкерлерімен жүргізілген сұхбатқа сәйкес, аз шығынмен көп мөлшерде ет өндіру қиын екені анықталған. Соның ішінде көпшілігі бұл компанияның қымбат технологияларды қолдану арқылы қолжетімді бағадағы ет шығара алатынына сенімсіз.

Аламедадағы (Калифорния) «Eat Just Inc» компаниясының бас директоры Джош Тетрик та өз өнімдерінің қауіпсіз екенін дәлелдеген соң: «Біз оны шағын көлемде шығара аламыз. Алайда алдағы онжылдықта біз және басқа компаниялар өнім көлемін ұлғайта алатынымызға кепілдік жоқ», – деді. Оның айтуынша, «Eat Just's Good Meat» компаниясы қазіргі уақытта зертханада өсірілген етті тұтынушыларға сатуға рұқсат беретін жалғыз ел Сингапурда жыл сайын 5000 фунт көлемінде гибридті тауық етін сатады екен.

Ал «Upside» зертханада өсірілген ет келешекте жаһан халқын тамақтандыратынын, сонымен бірге жануарларды союдан сақтауға және дәстүрлі етке қарағанда планетаның экологиясына аз зиян келтіретінін алға тартуда. Компанияның бас директоры Ума Валетидің айтуынша, «Upside» дәмді өнімді қауіпсіз түрде шығара алатынын дәлелдеген. Компания бұл салада бастамашы атанғанын және оның құнын төмендете отырып, көбірек ет өсіре бастағанын айтқан.

Компания ауыл шаруашылығы министрлігінің мақұлдауын алғаннан кейін Сан-Францискода орналасқан Мишленнің үш жұлдызы бар мейрамханада өзінің алғашқы коммерциялық өнімін ұсынуды жоспарлап отыр екен. Айта кетерлік жайт, Upside өз өнімі тірі жануардан жасалмағандықтан тауықтың төс етінен гөрі филе деп атайды.

Бұрынғы қызметкердің айтуынша, «Upside» көп мөлшерде ет өндіру үшін біраз қиындыққа тап болған. Олардың айтуынша, компания көбіне тек зертханалық талдаулар мен дәм тату үшін өнім шығарған.

Бүгінде компания өнімді пилоттық зауытындағы ірі биореакторларда емес, фармацевтикалық компаниялар жасушаларды өсіру үшін ондаған жыл бойы пайдаланып келе жатқан екі литрлік пластик бөтелкелерде өсіреді. Ал көпшілік компанияның көп өнім шығару үшін арнайы пластик бөтелке көлемін ұлғайтатынына күмәнмен қарайды. Себебі шығын көп және экологиялық тұрғыда тиімді деуге келмейді.

Компания басшыларының айтуынша, «Upside» пилоттық зауыты 2021 жылы ашылғанда жариялаған жылдық 50 000 фунт қуаттылықта әлі жұмыс істеп тұрған жоқ. Алайда ауыл шаруашылығы министрлігінің рұқсатын алғаннан кейін өндіріс жылдамдауы мүмкін. Ал компанияның көптеген инвесторы бүгінге дейін жасалған жұмыстарды ұзақтығы көңілге қонымды екенін айтып отыр. Сондай-ақ олар алдағы зерттеу жұмыстары шығынды азайтып, климаттың өзгеруі мен адамзаттың көбеюі мұндай өнімге сұранысты арттыратынына сенімді.

– Венчурлық, яғни жаңа өнім шығару капиталын қаржыландырудың бәсеңдеуі жағдайында зертханалық ет секторына инвестиция көлемі азайған. Бірақ «Upside»-тың алғашқы инвесторларының бірі «Cargill» өсірілген ет бір күні көптеген тұтынушыға қолжетімді болатынына сенімді.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Аслан НҰРАЗҒАЛИ

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 2959 **Тапсырыс №649**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА